

Бесқарағай жалпы орта білім беру мектебі

2023-2024 оқу жылы

Lesson Study зерттеу сабағын рефлексивті есеп

дене тәрбиесі пәнінен өткен іс әрекетті зерттеу сабағы кезіндегі үш кезеңнен тұрған С оқушының талдау

Бастауыш сыныпта дене тәрбиесі пәнінен зерттеу сабағын жүргізген
Тусупов Жақан Суюндыкович .

Сыныбы:4

Күні :04.04.2024

Сабақ тақырыбы: Қауіпсіздік ережесі. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын үйрету

Зерттейтін С деңгейдегі 4 сыныпта оқитын Аркенов Айдын таңдалып алынды . Зерттеу барысындағы мақсатым топтағы оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір әдіс тәсілдер арқылы қалай дамытуға болатынын анықтау мақсатында бастадым.

Сабақта акробатикалық жаттығуларды қатысушыларға бұлшық ет топтарын анықтауға тапсырма, адам бұлшық ет к құрылымы туралы карточкалар қолданды. Омыртқаға арналған жүру жаттығулары. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын бағалау, жылдам жүгіру тапсырмасына жауап қайтару іс-әрекеттері қолданылды.

Сабақтың әр кезеңіндегі іс әрекеттерін бақылау қағазына түрте отырып, білім алушының сабақты меңгеру кезіндегі қиындықтарды аңғарды. Таңдалған әдістердің басымы С деңгейдегі оқушының ерекшелігіне сай келмеді. Топпен, жұппен жұмыс істеуде С деңгейдегі оқушы өзін нашар көрсетті. Өзін алаңғаларлық ұстап берілген тапсырмаларды дұрыс түсінбейді. Алдағы уақытта тақырып мақсатына жету үшін С деңгейіне байланысты дұрыс таңдап, тапсырмаларды құрастыру барысында өте мұқият болу керек деп болжам жасадым. С деңгейіндегі оқушы бойында сенімділік жоқ. Сенімділікті қалыптастыру үшін өзіне жеке көңіл бөлуді қажеттілік танытты және арнайы тапсырма ойластыру керектігі де айтылды. Әр мүше өз ойымен бөлісіп, келесі сабақтың жоспарын өзгертуге ұсыныс бердім. Оқушының сабаққа деген мотивациясын көтеру үшін ұтымды әдіс ойластырып, тапсырмалар құрастыру керек деген ұсыныста да болды.

Зерттеу сабағының №1 цикіліне талдау жүргізіп, бақылаудағы оқушының іс-әрекеті талданып, сәтсіз тұстарын анықталды, сәтсіз тұстарын ашып талдау жүргізілді. Әрине, мұнда «оқушы үні» ескерілді. Пән мұғалімінің бұрынғы тәжірибесінде сабақ жоспарын құруда, сабақты зерттеуде, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Ал Лессон Стади тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екені анық көрінді. Келесі сабақтарда

сабақ жоспарына өзгерістер енгізуге ұсыныстар бере отырып, оқушы қажеттілігі қамтылса бір саты болса да ілгері жылжиды деген ойдамын.

12.04.2024 күнгі Lesson Study №2 сабақта дене тәрбиесі пәнінен өткен зерттеу сабағы кезіндегі С деңгейіндегі оқушыны талдау есебім.

Сабақтың тақырыбы: Орта және алыс қашықтық техникасын үйрету
Сабақ барысында Жеңіл атлетикада қысқа қашықтыққа қашықтыққа жүгіру әдіс-тәсілдерін, техникасын үйренеді. С деңгейдегі оқушы қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын түсініп орындауға тырысты. Алдыңғы сабақта ойын жинақтай алмай алаңғасарлық танытқан еді. Бірақ кері байланыс кезінде берілген тапсырмаларды дұрыс орындай алмады. Бірақ ұсыныс ретінде С деңгейдегі оқушы өзіне ерекше көңіл бөлуді қажет екендігін көрсетті.

19.04.2024 ж. күнгі Lesson Study №3 сабақта дене тәрбиесі пәнінен өткен зерттеу сабағы кезіндегі С деңгейіндегі оқушыны талдау есебім.

Сабақтың тақырыбы: Жүгіріп келіп және бір орында ұзындыққа секіру техникасын үйрету.

Үшінші сабақ барысында саралау әдісінде өзіне ерекше назар аударуды қажеттілігі көрініп, С деңгейдегі оқушы қолдауды сезініп жүгіріп келіп және бір орында ұзындыққа секіру техникасын орындауға тырысты .

Қорыта келгенде С деңгейдегі оқушы топтық жұмыс барысында өзіне деген сенімділікті арттыру үшін өзіне жеке назар аударуды қажет етеді. Сыныпта жалпы жақсы қарым қатынаста, тек оқуға талпынысы төмен.

Бақылаушы бастауыш сынып мұғалімі: С.Б.Узбекова